Бекітемін:
Терешкова атындағы
№31 жалпы орта білім беретін
мектеп директоры:
Е.К.Нурсеитов

**Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі 2022-2023 оқу жылына арналған кешенді іс – шаралар жоспары**

| № | Атауы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| **I.Ұйымдастыру шаралары** | | | |
| 1.1 | Жалпыға бірдей білім беруді қамтуды ұйымдастыру | Қыркүйек | ДТІЖО<br>ДОІЖО<br>сынып жетекшілер |
| 1.2 | 2022-2023 оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесінің жұмыс жоспарын құрып,бекіту.<br>-жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектормен жұмыс. | Қыркүйек | ДТІЖО |
| 1.3 | Құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырыстары | Әр айдың 4-ші бейсенбісі,қажет болса кезектен тыс | ДТІЖО |
| 1.4 | Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекциясында,мектепішілік тіркеудегі және сәтсіз жанұядан шыққан, «Тәуекел» топқа жататын оқушыларды анықтап,есепке алып,картатекаларын жинақтау | қыркүйек | Сынып жетекшілер<br>Педагог-психологтар,<br>Әлеуметтік педагог |
| 1.5 | Мектепішілік есептегі,жасөспірімдер инспекторы тіркеуіндегі және сәтсіз отбасы,тәуекел топ оқушыларының мекен жайын аралап отбасы жағдайларымен танысып,әңгімелер жүргізу | қажетінше | ДТІЖО, мектеп инспекторы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер |
| 1.6 | Есептегі оқушылардың үйірме,секцияларға тартылуын қамтамасыз ету | Жыл бойы | ДТІЖО, педагог-психологтар,<br>Әлеуметтік педагог |
| 1.7 | Оқушылардың құқық бұзушылығы жөнінде түскен мәліметтерге дер кезінде шара қолдану | Қажетінше уақытылы | ДТІЖО, мектеп инспекторы. |
| 1.8 | Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау | Күнбе-күн | Сынып.жетекшілер |
| 1.9 | Каникул уақытында мектепішілік тіркеудегі,жасөспірімдер инспекторы тіркеуіндегі және сәтсіз отбасы,тәуекел топ тіркеуіндегі оқушыларының бос уақытының тиімді ұйымдастырылуын бақыла | Тоқсан сайын | Сынып жетекшілер,<br>ДТІЖО, педагог-психологтар. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.10 | Әлеуметтік қиын жағдайға тап болған оқушылар және олардың отбасыларымен байланыс жұмыстарын жүргізу | кезінде | Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог |
| 1.11 | Тәртіп сақшылар тобының жұмысы(тізімін қайта жасақтау) | қыркүйек | ДТІЖО педагог-психологтар. |
| 1.12 | Келеңсіз жанұялармен жұмыс (үйіне барып тұру,жеке әңгімелесу | үнемі | ДТІЖО, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, сынып жетекшілер |
| 1.13 | Толық емес, қолайсыз отбасыларда тұратын, мектепішілік есеп, ішкі істер бөлімінің есебіне алынған балалармен және олардың ата-аналарымен алдын алу жұмыстарын өткізу | үнемі | ДТІЖО, мектеп инспекторы, педагог-психологтар, Әлеуметтік педагог |
| 1.14 | Білім беру ұйымдарына алып келуге тыйым салынған заттарды әкелуге шектеу қою бойынша рейдтік шаралар | кезінде | ДТІЖО, мектеп инспекторы, педагог-психолог |
| 1.15 | Психологиялық көмекке мұқтаж кәмелетке толмағандарды ерте анықтау (психодиагностика) девиантты мінез-құлқы жасөспірімдердің психодиагностикасын жүргізу | Жыл бойы | Педагог-психологтар. |
| | **II.Оқушылармен өткізілетін алдын алу шаралары (профилактикалық)** | | |
| 2.1 | Қоғамдық жерлердегі,көшедегі,мектептегі,үйдегі жасөспірімдердің тәртіптері туралы әңгіме-сұхбаттар: | Қыркүйек | ДТІЖО Педагог-психолог Класс жетекшілер |
| 2.2 | «Заң біткен жерде,зұлымдық басталады» (құқық апталығы) | қазан | ДТІЖО, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, педагог-психологтар. |
| 2.3 | Тіркеуге алынған оқушылармен жеке зерттеу жұмыстарын жүргізу; | қазан | Педагог-психолог, сынып жеткшілер, әлеуметтік педагог |
| 2.4 | «Сен өз құқығыңды білесіңбе? Топтық сайыс 5-6 кл | қараша | Құқық пәнінің мұғалімі, сынып жетекшілері. |
| 2.5 | «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» атты құқықтық сайыс 7-8 кл | қараша | құқық пән мұғалімі, сынып жетекшілері |
| 2.6 | «Құқық бұзушылықтың алдын алу» дөңгелек үстел 9-11 кл | желтоқсан | педагог-психолог Тәлімгер, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, мектеп инспекторы. |
| 2.7 | «Өз құқығымыз өз мүддеміз» сауалнама 7-8 кл | желтоқсан | сынып жетекшілер, педагог-психологтар. |
| 2.8 | «Жасөспірім және жыныстық қол соғушылықтың алдын алу дөңгелек үстел 11 кл | желтоқсан | Сынып жетекшілер Педагог-психолог |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» пікірсайыс 9-10 кл | желтоксан | Инф.мұғалімі Педагог-психолог |
| 2.10 | «Өмір қымбатсың маған» тренинг 7 кл | Қаңтар | Педагог-психолог |
| 2.11 | «Спорт біздің досымыз» спорттық сайыс 5-6 кл | Қаңтар | Дене шынықтыру мұғалімдері |
| 2.12 | «Менің балалық шағым» өгей әкемен тұратын оқушылармен жұмыс | қаңтар | Әлеуметтік педагог |
| 2.13 | «Құқық және заң» сынып сағаты 6 кл | ақпан | Сынып жетекшілер. |
| 2.14 | «Біз бейбіт елде өмір сүреміз»сынып сағаты 5 кл | ақпан | Сынып жетекшілер. |
| 2.15 | «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» класс сағаты 9 кл | ақпан | АӘД пән мұғалімі |
| 2.16 | «Қамқорлық» акциясына құқықбұзушылыққа бейім оқушыларды тарту | ақпан | ДТІЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер. |
| 2.17 | «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» атты ақпараттық материалдар тарату (әдістемелік құрал, жадынамалар,буклеттер) | Айына 1 рет | Педагог-психологтар. |
| 2.18 | «Қылмыстың өтеуі-жаза» бейнеролик әзерлеу | Тоқсан сайын | ДТІЖО, мектеп инспекторы, сынып жетекшілер. |
| | **III.Ата-анамен жүргізілетін алдын алу шаралары** | | |
| 3.1 | Ата-аналар үшін медицина қызметкерлерімен,маман психологтардан кеңес алуды ұйымдастыру | қажетінше | медбике, педагог-психологтар, ДТІЖО, сынып жетекшілер. |
| 3.2 | Ата-аналарды мектепішілік іс-шараларға қатыстыру | қажетінше | мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер. |
| 3.3 | Оқушыларға әртүрлі жағдайлардағы жалған хабарлама бергені үшін жауап беретіндігін ескерту және жол ережесін бұзбай жүру тәртібі туралы түсіндіру | Тоқсан сайын | ДТІЖО, мектеп инспекторы, сынып жетекшілер. |
| 3.4 | Есептегі і оқушылардың отбасын зерттеу жұмыстары | кезінде | әлеуметтік педагог, сынып жетекші, педагог-психологтар |
| 3.5 | «Сауатты ата-ана балалардың құқығының қорғалуының кепілдемесі» дөңгелек үстел | қараша | сынып жетекшілер, педагог-психологтар. |
| 3.6 | «Сіз және балаңыз бір-бірлеріңізді түсіне аласыздарма?» | қараша | Педагог-психолог |
| 3.7 | «Саналы әке» тренинг ұйымдастыру | қараша | ДТІЖО; педагог-психологтар, әлеуметтік педагог, сынып жетекші. |
| 3.8 | Ойын – сауық орындарында еріктілерді, ата-ананы қатыстыра отырып рейдтік іс-шаралар өткізу | үнемі | мектеп инспекторы, ДТІЖО,сынып жетекшілер |

## IV. Педагогикалық ұжыммен жұмыс

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4.1 | Тіркеудегі оқушылардың тәртібін,сабаққа қатысымын бақылау мақсатында сабақтарға қатысу | кезінде | ДТІЖО, педагог-психолог, сынып жетекшілер |
| 4.2 | Жас мамандармен тәрбиелеуде қиындықтар туғызатын оқушылармен жұмыс жүргізулеріне қажетті тренингтер өткізу | қажетінше | педагог-психологтар |
| 4.3 | Мектепте медиация қызметінің желісін жетілдіру және дамыту | үнемі | Медиация жетекшісі |
| 4.4 | Республикалық оқыту орталықтарының мамандарының қатысуымен оқыту семинарларына қатысу | Жыл бойы | ДТІЖО<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер. |

Бекітемін:
Терешкова атындағы
№31 жалпы орта білім беретін
мектеп директоры:
Е.К.Нурсеитов

**Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

**Кеңес мақсаты:** «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарыту. Алдын алу кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіреді.

**Алдын алу Кеңесі қызметінің міндеттері:**

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық проблемаларының жай-күйіне мониторинг жасау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйені құру және жұмысты ұйымдастыру;
- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуына, олардың қылмыс, құқық бұзушылық, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы қызметке тарту жағдайларын анықтау және жолын кесу.
-

| Айы | Тақырып | Жауаптылар |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Алдына алу кеңесі құрамын бекіту.<br>**№1 отырыс**<br>1. Алдын алу Кеңесінің ережесімен танысу.<br>2. Алдын алу Кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу;<br>3.Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы ережемен таныстыру.<br>4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекіту;<br>6. "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, ЖББМ және профилактика жүйесі органдарында есепте тұрған балаларға деректер банкін қалыптастыру және түзету, сынып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортына түзету.<br>7. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту; | директор<br><br>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы |

| | | |
|---|---|---|
| | 8. 2022-2023 оқу жылына арналған отбасылардағы адами қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту<br>9. Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту | |
| қазан | **№2 отырыс**<br>1. Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортын талдау<br>2. 5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау<br>Қашықтықтан оқыту кезінде суицидті және теріс ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қауымдастықтардың мониторингін талдау<br>3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды талдау. | әлеуметтік педагог<br>педагог-психолог<br>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы |
| Қараша | **№3 отырыс**<br>1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы есеп.<br>2. 5-сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерттеу туралы ақпарат.<br>Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.<br>3. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.<br>4. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау. | әлеуметтік педагог<br>5-сыныптың сынып жетекшілері<br>әлеуметтік педагог<br>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы |
| желтоқсан | **№4 отырыс**<br>1. 1-2-сыныптардың оқу қызметін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерделеу туралы ақпарат.<br>Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.<br>2. 1-2 сыныптардағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.<br>3. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау. | 1-2 –сыныптың сынып жетекшілері<br>1-2 –сыныптың сынып жетекшілері<br>әлеуметтік педагог, психолог, педагог-психолог<br>з директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы |

| | | |
|---|---|---|
| қаңтар | **№5 отырыс**<br>1. 2022-2023 оқу жылының 2 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау.<br>2. Профилактикалық есепке алудың барлық түрлерінде тұратын оқушылармен жүргізілетін жеке түзету жұмыстары туралы Педагог - психологтың ақпараты.<br>3.10-шы және 11-ші сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.<br>4. 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы алдын алу Кеңесінің қызметіне талдау.<br>5.Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау. | әлеуметтік педагог<br><br>педагог-психолог<br>10, 11 сыныптың сынып жетекшілері<br><br>әлеуметтік педагог<br>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары,<br>әлеуметтік педагог,<br>педагог-психолог,<br>сынып жетекшілер,<br>мектеп инспекторы |
| ақпан | **№6 отырыс**<br>1. 3-4 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.<br>2. 9 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы. ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.<br>3. Балалармен профилактикалық жұмыстың бір түрі ретінде мектептегі татуласу қызметінің жағдайы туралы.<br>4.Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау. | 3-4-сыныптың сынып жетекшілері<br><br>9-сыныптың сынып жетекшілері<br><br>педагог-психолог<br>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары,<br>әлеуметтік педагог,<br>педагог-психолог,<br>сынып жетекшілер,<br>мектеп инспекторы |
| наурыз | **№7отырыс**<br>1. 6 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.<br>2. 8 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын | 6-сыныптың сынып жетекшілері<br><br>8-сыныптың сынып жетекшілері<br>клуб жетекшісі<br>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, |

| | | |
|---|---|---|
| | алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылык колайсыздыкты аныктау максатында отбасыларға, сынып окушыларына бару туралы акпарат.<br>Окушылардың психологиялык жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп<br>3. Мектеп ортасында сыбайлас жемкорлыкка карсы мәдениетті калыптастыру бойынша "Адал Ұрпак" мектеп клубының кызметі туралы.<br>4. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін карау. | әлеуметтік педагог,<br>педагог-психолог,<br>сынып жетекшілер,<br>мектеп инспекторы |
| сәуір | **№ 8 отырыс**<br>1. 5-11 сынып окушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін аныктау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Суицидті және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет кауымдастыктардың мониторингін талдау.<br>2. 2022-2023 оку жылының 3 токсанына есепке алу санаттарына жататын (аз камтылған, көп балалы, колайсыз, аз камтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының камкорлығынсыз калған балалар) баланың отбасындағы өзара карым-катынастарды аныктауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау.<br>2. 7 сыныптардағы кұкық бұзушылыктардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылык колайсыздыкты аныктау максатында отбасыларға, сынып окушыларына бару туралы акпарат. Окушылардың психологиялык жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.<br>4. Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау. | педагог-психолог<br><br>әлеуметтік педагог<br><br>7-сыныптың сынып жетекшілері<br><br>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары,<br>әлеуметтік педагог,<br>педагог-психолог,<br>сынып жетекшілер,<br>мектеп инспекторы |
| Мамыр | **№9 отырыс**<br>1. 2022-2023 оку жылының 4 токсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, колайсыз, аз камтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау.<br>2.Окудың барлык түрлерінде тұратын окушылармен жазғы демалысты және жұмыспен камтуды ұйымдастыру туралы әңгімелесу.<br>3.Білім алушылардың және ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін карау.<br>4.Алдын алу Кеңесінің 2022-2023 оку жылындағы қызметіне талдау. | әлеуметтік педагог<br><br>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары<br>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары,<br>әлеуметтік педагог,<br>педагог-психолог,<br>сынып жетекшілер,<br>мектеп инспекторы<br>әлеуметтік педагог |

**Терешкова атындағы № 31 жалпы орта білім беретін мектебінде 8 -11сынып оқушылары арасында жасөпірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алуға байланысты бірыңғай ашық құқықтық лекция сабақтарының хаттамасы.**

**Өткізілген күні: 01.09.2022жыл**

**Хаттама № 1**

Қатысқандар: ДТІЖО-Ғ.Нұсқабаев, Қ.Қалиева

Мектеп психологы: К.Тұрысбек

Көліктегі ПД Шымкент СЖПБ тергеу

бөлімшесінің тергеушісі полиция капитаны

А.Әзімхан және анықтау тобының анықтаушысы

полиция лейтенанты Д.Бекжан

Мектеп инспекторы: Э.Абдурахманова

8-11 сынып оқушылары

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің және ҚК-нің әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық құқық бұзушылықтың сондай ақ тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Нұсқабаев сөз алып кездесудің мақсаты мен күн тәртібін таныстырып,төмендегіні айтып өтті.

Қазақстандағы өкілетті органдармен бірге жүргізген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей ересектердің шамамен 75% отбасында балалардың мінез-құлқын қадағалап отыру үшін дене жазалауын

қолдануды құптайтын көрінеді деді. 2-14 жас аралығындағы әрбір екінші бала отбасында зорлықпен тәртіпке салу шараларына душар болады. Кейде мектеп оқушылары баска оқушылар немесе үлкендер тарапынан кемсітуге шалдығуы немесе соның куәсі болуы мүмкін. Зорлық-зомбылықты түп-тамырымен жою жолындағы айтарлықтай кедергі болып «зорлық-зомбылық» ұғымын түсіну аясының тарлығы болып табылады, аталмыш ұғым көбінесе тек дене жазалауына ғана қатысты қолданылады. Зорлық-зомбылыққа қорқытуды, психологиялық қысым көрсетуді немесе тіл тигізуді жатқызу таңсық жайт. Зорлық-зомбылық ұғымын дұрыс түсіну оның жағымсыз салдарынан хабардар болуды, оның барлық деңгейлерде қабылдамауды және зорлықпен тәрбиелеудің кез-келген түрін жоюды өз мақсаты деп біледі деді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Көліктегі ПД Шымкент СЖПБ тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция капитаны А.Әзімхан сөз алды.

Өз сөзінде теміржол аса қауіпті аймақ екенің айта келе балаларға теміржол бойында жасауға болмайтын бірнеше мәселелерді атап өтті.

1. Жүріп келе жатқан пойыздың алдынан өтуге болмайтынын, яғни тек қана арнаулы көпірден өту керектігін ескертті.
2. Теміржол бойында құлаққа наушник тағып жүру өте қауіпті екендігін және пойызға тас лақтыруға болмайтынын қатаң ескертті.
3. Теміржол релсі бойында және вагон төбелерінде 26мың вольт электр тогы өткендігін ескертті.
4. Кезкелеген пойыз жол бойында тик ток түсіріп және селфи жасау адам өміріне өте қауіпті.
5.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша еңбекші АПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция капитаны Э.Абдурахманова сөз алды.

Өз сөзінде мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін біз зорлық-зомбылық бойынша мағлұмат беру арқылы жұмыстар жүргіземіз деді. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса адамзаттық, құқықтарымен бас бостандықтарымызды қорғауымыз керек деді.

Зорлық –зомбылықтың адам ағзасына тікелей әсер ететіні түсінікті. Оқушыларымыз жаман әдеттерден аулақ болуы үшін өз құқықығы мен міндеттерін толық білуі тиіс деді.

Зорлық-зомбылықтын түрлері:

Психологиялық кемісітушілік

Физикалық зорлық-зомбылық

Бопсалау

Кибербуллинг

Суицид

Сонымен бірге ұлдар арасындағы зорлық-зомбылық қыздармен салыстырғанда көбірек болып келеді деді.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей қаулы шығарылды.

**Қаулы:**

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу іс-шаралары үнемі жүргізіліп, ата-аналармен тығыз байланыс орнатылсын. Сынып жетекшілер,әлеуметтік педагог, педагог психологтар, мектеп инспекторы қылмыстың алдын алу,болдырмау, түзету жұмыстарын жандандырсын.

**Мектеп директоры** **Е.Нурсеитов**

**Хаттама**

В.Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде

11.10.2022жылы

**Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың, нашақорлыққа, суицидке жол бермеу, қыздар арасындағы ерте жүктіліктің, адам саудасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мен керағар діни ағымдар мен секталардың іс-әрекеттердің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәсілдері жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу және «Ырыс алды ынтымақ», «Ұлт аралық татулық», «Лайықты ұрпақ тәрбиелейік», жасөспірімдердің спортқа, өнерге,мәдениетке қызығушылығын арттыру мақсатында**

**спорт шеберлерімен, өнер, мәдениет майталмандарымен кездесу болып өтті.**

Қатысқандар: 140

**Күн тәртібінде:**

1.Кездесудің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.

/Еңбекші ауданы әкімі аппаратының
бас маманы А.Уалиханов/

2. «Керғар діни ағымдар мен секталар іс-әрекеттерінің алдын алу»

/Шымкент қаласы Дін істері басқармасы,
Дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы Аманкелді Н. Б/

3.«Нашақорлықтың, суицидтің алдын алу мен маскүнемдіктің зардаптары»

/Психикалық денсаулық орталығы
дәрігер-нарколог Қ.Қорғанбаева/

4. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу

/Шымкент қаласы Еңбекші ЮПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ
полиция майоры Э.Абдрахманова/

5.«Лайықты ұрпақ тәрбиелейік» жасөспірімдерді спортқа, өнерге қызығушылығын арттыру»

\Шымкент қаласының Бокс түрлері клубы
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Н.Аблаев;
Спорт шебері Серік Абзал/

6. Кездесуді қорытындылау.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Еңбекші ауданы әкімі аппаратының бас маманы Уалиханов Ақпан кездесудің мақсатын және күн тәртібімен таныстырып өтті. Бүгінгі кездесу кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізіліп отырғанын айтып іс-шараға келген қонақтармен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Кереғар діни ағымдар мен секталар іс-әрекеттерінің алдын алу» тақырыбы бойынша сөз алған Шымкент қаласы Дін істері басқармасы, Дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы Аманкелді Нұрдаулет Бақытұлы өз сөзінде қоғамдағы қазіргі өзекті мәселелердің бірі – діни экстремизм деді. Жасөспірімдердің арасындағы өзге дінге кіріп кетудің бірден-бір себебі иманның әлсіздігі мен діни сауаттылықтың аздығынан екенін түсіндірді.

Мектеп оқушылары қазіргі таңдағы дін мәселесі туралы өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, яғни намаз, ораза, сауап, күнә турасында сүннет, харам

мен халал және ата-ананың алдындағы перзенттерінің парызы т.б сұрақтарға жауаптар алды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Нашақорлықтың, суицидтің алдын алу мен маскүнемдіктің зардаптары» тақырыбында сөз алған «Психикалық денсаулық орталығы» дәрігер-наркологы Қорғанбаева Қарлығаш Жарқынбекқызы нашақорлық пен суицидтің алдын алу шаралары жүргізіліп жатқанын айтты. Есірткі адам миын улап, өз ата-анасын танымайтын халге жеткізіп, тірі өлікке айналдырады деді. Нашақорлықтың түбі тек қана өлім мен абақты екенін түсіндірді. Есірткіден туындайтын зардаптар туралы кеңінен түсіндірулер жүргізілді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Шымкент қаласы Еңбекші ЮПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция майоры Әлмира Абдрахманова сөз алды. Өз сөзінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы айтып өтті. Жасөспірім арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтардың саны көбейіп бара жатқанын айтты. Әрине қоғам өмірі өте күрделі. Онда заңдылық бұзылып, теріс әрекетке баратындар да кездеседі. Теріс пиғылға барып, қылмыс жасағаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы деді. Ал сендер оқушылар тәртіпті болып, еліміздің керекті азаматы болып өсулерің керек деп мектеп оқушыларын құқық бұзушылықтан аулақ болуға шақырды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Шымкент қаласының Бокс түрлері клубы тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Н.Аблаев пен Спорт шебері Серік Абзал сөз алып, жасөспірімдердің спортқа қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп оқушыларын спортқа шақырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай келе мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұсқабаев Ғалымжан Артықұлы бүгінгі кездесуді қорытындылады.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей қаулы шығарылды.

**Қаулы:**

1.«Лайықты ұрпақ тәрбиелейік», «Ұлт аралық татулық», «Ырыс алды ынтымақ» тақырыбында өткізілген кездесу жоғары деңгейде өткізілді деп табылсын.
2.Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу іс-шаралары үнемі жүргізілсін.
3.Керағар діни ағымдардың қоғамдағы кері әсері және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу іс-шаралары жандандырылсын.
4.Нашақорлықтың алдын алу іс-шаралары үнемі жүргізілсін.
5.«Лайықты ұрпақ тәрбиелейік» жасөспірімдерді спортқа, өнерге қызығушылығын арттыру жобасы жоспар бойынша жүзеге асырылсын.

Мектеп директоры: Е.К.Нурсеитов

Хатшы: Қ.Қалиева

мен халал және ата-ананың алдындағы перзенттерінің парызы т.б сұрактарға жауаптар алды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Нашакорлықтың, суицидтің алдын алу мен маскүнемдіктің зардаптары» тақырыбында сөз алған «Психикалық денсаулық орталығы» дәрігер-наркологы Қорғанбаева Қарлығаш Жаркынбекқызы нашақорлық пен суицидтің алдын алу шаралары жүргізіліп жатқанын айтты. Есірткі адам миын улап, өз ата-анасын танымайтын халге жеткізіп, тірі өлікке айналдырады деді. Нашакорлықтың түбі тек қана өлім мен абақты екенін түсіндірді. Есірткіден туындайтын зардаптар туралы кеңінен түсіндірулер жүргізілді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Шымкент қаласы Еңбекші ЮПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция майоры Әлмира Абдрахманова сөз алды. Өз сөзінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы айтып өтті. Жасөспірім арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтардың саны көбейіп бара жатқанын айтты. Әрине қоғам өмірі өте күрделі. Онда заңдылық бұзылып, теріс әрекетке баратындар да кездеседі. Теріс ниғылға барып, қылмыс жасағаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы деді. Ал сендер оқушылар тәртіпті болып, еліміздің керекті азаматы болып өсулерің керек деп мектеп оқушыларын құқық бұзушылықтан аулақ болуға шақырды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Шымкент қаласының Бокс түрлері клубы тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Н.Аблаев пен Спорт шебері Серік Абзал сөз алып, жасөспірімдердің спортқа қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп оқушыларын спортқа шақырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай келе мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұсқабаев Ғалымжан Артықұлы бүгінгі кездесуді қорытындылады.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей қаулы шығарылды.

**Қаулы:**

1.«Лайықты ұрпақ тәрбиелейік», «Ұлт аралық татулық», «Ырыс алды ынтымақ» тақырыбында өткізілген кездесу жоғары деңгейде өткізілді деп табылсын.

2.Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу іс-шаралары үнемі жүргізілсін.

3.Керағар діни ағымдардың қоғамдағы кері әсері және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу іс-шаралары жандандырылсын.

4.Нашақорлықтың алдын алу іс-шаралары үнемі жүргізілсін.

5.«Лайықты ұрпақ тәрбиелейік» жасөспірімдерді спортқа, өнерге қызығушылығын арттыру жобасы жоспар бойынша жүзеге асырылсын.

Мектеп директоры: Е.К.Нурсеитов

Хатшы: Қ.Қалиева

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Терешкова атындағы №31 ЖОББМ-е Еңбекші ауданы әкімшілігінің 27.01.2023 жылғы №29-05-12/186 хаты негізінде "Лайықты ұрпақ тәрбиелейік" іс-шара жоспары аясында жасөспірімдердің құқықбұзушылықтардың алдын алу, өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында құқық қорғау, медицина, дін, жастар ресурстары, қысқы спорт мектебі, әкімшілік қызметкерлерінің қатысуымен 8-9 сынып оқушылары арасында қызықты кездесу ұйымдастырылды. Сала мамандары қазіргі ко... Еще











**Терешкова атындағы № 31 жалпы орта білім беретін мектебінде 5 -11сынып оқушылары арасында жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алуға байланысты бірыңғай ашық құқықтық лекция сабақтарының хаттамасы.**

**Өткізілген күні: 09.11.2022жыл**

